

Э.К. Ахметова
Н.Ш. Алметов

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан
(E-mail: elmira_k_akhmetova@mail.ru, n_almetov@mail.ru)

Инклюзивті сынып оқушыларының тұлғааралық қатыныстарын қалыптастыру

Аңдатпа. Бұл мақалада еліміздегі қазіргі инклюзивті білім беретін мектеп оқушыларының сыныптағы тұлғааралық, достық қатынастарын, олардың сынып ішіндегі бір-бірімен әрекеттесуі, қарым-қатынас құруы, олардың инклюзивті ортаға бейімделуі және мұғалім мен ата-аналарымен қарым-қатынас құру деңгейін анықтауға бағытталған. Қазіргі таңда отандық жалпы білім беру жүйесінде инклюзивті білім беруді жан-жақты дамыту қолға алынып жатқанымен, мектептегі жалпы педагогикалық тәжірибеде оның әлі де қамтылмаған тұстары да бар. Мақалада инклюзивті білім берудегі оқушылардың қарым-қатынасы мәселесіне арналған шетелдік, ресейлік еңбектерге талдау жасалынып, оның мәні, маңызы және психологиялық - педагогикалық ерекшеліктері айқындалған. Қазіргі мектеп жасындағы балалардың инклюзия жағдайында тұлғааралық қарым-қатынастарының қалыптасу деңгейі, инклюзивті білім беретін мектеп оқушыларының өз мектебі мен сыныбына қатынасы, күнделікті білім алу жағдайындағы өзара әрекеттесуі, оқушылар арасындағы қарым-қатынас, мүмкіндігі шектеулі және дені сау балалар арасындағы достық, жанауырлық қарым-қатынастың қалыптасуы, мұғалім мен ата-аналарымен қарым-қатынастарын анықтау мақсатында жүргізілген зерттеу нәтижесіне талдау жасалған. Сынып оқушыларының барлық іс-әрекеттерін біріктіруге, оларды әлеуметтендіру және тәрбиелеу міндеттерін шешуге бағытталған білім алушылардың сабақтан тыс іс-әрекеттерінің формалары ұсынылды. Инклюзивті сынып оқушыларының тұлғааралық қатынастарын қалыптастырудың әдістемесі ұсынылып, оны нығайтудың жаңа мүмкіндіктері анықталды.

Түйін сөздер: инклюзивті білім беру, инклюзивті сынып оқушылары, оқушылардың тұлғааралық қатынастары, инклюзивті мектептегі қарым-қатынас.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6895-2021-136-3-36-44>

Кіріспе

Білім беру саласында инклюзивті білім беру бағдарламасын жүзеге асырып отырған мектеп оқушыларының тұлғааралық қарым-қатынасын қалыптастыру және дамыту мәселесі психологтардың да, педагогтардың да назарын аударып отырған өте өзекті мәселе. Мүмкіндігі шектеулі балалардың (МШБ)

ерекшеліктерін ескере отырып, олардың құрдастарымен әрекеттесуіне және оқушылардың бір-бірімен достық, мейірімділік қарым-қатынас құруына ықпалдық ету интеграциялық білім берудің негізгі міндеттерінің бірі деп қарастыруға болады. Тұлғааралық қарым-қатынастың дұрыс құрылуы сыныптағы МШБ мен құрдастарының сапалы білім алуы мен тәрбиесі үшін маңызы ерекше екені анық. Деген-

мен, бұл мәселе мектептегі инклюзивті білім беру жағдайында қаншалықты қолға алыну-да? деген сұрақтың жауабын алу маңызды.

Тұлғаның қалыптасуындағы маңызды факторлардың бірі – қарым-қатынас мәселесі.

Себебі қарым-қатынас, бұл - коммуника-тивтік қызметтің ерекше бір түрі және сол қызметті жүзеге асырудың шарты болып табылады. Тұлғааралық қарым-қатынас адамзат аралық ақпарат алмасу ретінде сипатталса, екінші жағы – қарым-қатынас жасаушылардың өзара әрекеттестігі – тек сөйлесу үдерісі арқылы ғана емес, істері мен әрекеттері арқылы да қарым-қатынас жасау, ал үшінші жағы қатынас жасаушылардың бірін-бірі қабылдауы болып табылады.

Тұлғааралық өзара әрекеттесуді қалыптастыру және дамыту адамның жеке басының қалыптасуына ықпал ететін маңызды шарт болып табылады. Құрдастарымен өзара әрекеттесу мүмкін болған жағдайда ғана танымдық және пәндік іс-әрекеттің дамуы жүреді. Оқушының құрдастарымен қарым-қатынас жасау қабілеті, достар табуы, топта жұмыс істеу қабілетінің дамуы құрдастарымен байланыс сапасына да тәуелді.

А.Т. Искакова, З.А. Мовкебаева инклюзивті білім беру туралы еңбектерінде дамуында мүмкіндігі шектеулі адамдарды қоғамға интеграциялау осы адамдарға деген қоғамның көзқарасы, қарым-қатынасы, қоршаған ортаның, мүгедектердің өмірі, олардың ерекшеліктері туралы ақпараттануымен тығыз байланысты болады деген [1].

А.Н. Ахметованың тұжырымы бойынша қарым-қатынасқа тез, жеңіл түсе алу қасиеттерінің дамуы, жасөспірімдік шақта өте маңызды деген. Осы шақтағы көп байқалатын құбылыстардың бірі - жасөспірімдердің өзара қарым-қатынасқа деген тапшылығы. Сол себептен, жасөспірімдердің тұлға болып дамуына, жан-жақты қалыптасуын жақсарту мәселесінде қарым-қатынасты дамыту керек [2].

М.Р. Хуснутдинова Білім берудің инклюзивті моделін енгізудің маңызды мақсаттарының бірі - МШБ мен олардың құрдастарына бір-бірімен тұлғааралық қатынастарын қа-

лыптастыруға мүмкіндік беру болып табылады деп есептейді [3].

Н.А. Шкуричева өзінің зерттеулерінде тұлғааралық қатынастарды оқу процесіне қосу оқушының жеке басының дамуына, оның оқудың алғашқы күндерінен бастап басқалармен қарым-қатынасына ықпал етеді деп болжайды [4].

М. Savazos пайымдауынша тұлғааралық қарым-қатынас дегеніміз - бір немесе бірнеше физикалық немесе эмоционалды қажеттіліктерді қанағаттандыру мақсатында кез-келген екі немесе одан да көп адамның арасындағы өзара әрекеттесу [5].

М. Charles өз еңбегінде оқушылардың өзара әрекеттесуінің жоғары деңгейі оларға шағын топтарда идеяларды талқылауға, терең ойлау процесін тудыратын пікіралмасуға көптеген мүмкіндіктер береді. Бұл оқу ортасында маңызды рөл атқарады деп есептейді. [6].

Л. Libarente мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынас білім мен тәрбиенің ең күшті элементтерінің бірі екенін айтты, өйткені олар білім беру үрдісіндегі әлеуметтік байланыстың негізін құрайды [7].

J.B Russo және R.E Owens ата-аналар мен балалардың өзара әрекеттесуі баланың үлгерімі мен дамуына шешуші әсер етеді деп есептейді. Дегенмен бұл қарым-қатынас баланың әрекеттеріне өзара аралас әсер етуі мүмкін дейді [8].

Мақаланың мақсаты

Қазіргі инклюзивті мектеп оқушыларының сыныптағы тұлғааралық, достық және жана-шырлық қатынастарын, олардың инклюзивті ортаға бейімделуі және мұғалім мен ата-аналарына қарым-қатынасын анықтау.

Зерттеу әдіснамасы

Оқушылар арасында тұлғааралық өзара әрекеттесуді қалыптастыру олардың байланыс орнатуға, бір-бірімен тіл табысуға, ортақ мәселені мақсатты шешуге бағытталған іс-әрекет жағдайында дамытуға болады. Бұған сенім мен түсіністік, эмоционалды қабылдау ықпал

етеді. Тұлғааралық қарым-қатынас серіктес тарапынан қолдауды күтуді де қамтиды.

Білім алушылардың сабақтан тыс іс-әрекеттері сынып оқушыларының барлық іс-әрекеттерін біріктіреді, тұлғааралық қарым-қатынасын қалыптастырады, онда оларды әлеуметтендіру және тәрбиелеу міндеттерін шешуге болады. Оны жүзеге асыру үшін мектепте сабақтан тыс қызметтің мынадай түрлерін қолдануға болады:

- ойын қызметі;
- танымдық қызмет;
- проблемалық-құндылықты қарым-қатынас;
- ойын-сауық қызметі (бос уақыт бойынша қарым-қатынас);
- көркем шығармашылық;
- әлеуметтік шығармашылық;
- еңбек (өндірістік) қызметі;
- спорттық-сауықтыру қызметі;
- туристік-өлкетану қызметі

Елімізде кейбір мектептерге инклюзивті білім беру енді ғана жаңа бағыт ретінде ене бастағаны анық, сондықтан бұл процестің көптеген аспектілері әлі де аз зерттелген, оның ішінде инклюзивті сыныптағы оқушылардың тұлғааралық өзара әрекеттесу мәселесі. Инклюзивті білім беретін сынып оқушыларымен эмпирикалық зерттеулер жүргізіліп, төмендегідей аспектілер бойынша олардың осы үрдістегі қарым-қатынасы зерттелді:

- оқушылардың өз мектебі мен сыныбына қатынасы;

- оқушылар арасындағы өзара қарым-қатынас, мүмкіндігі шектеулі және дені сау балалар арасындағы достық, жанашырлық қарым-қатынас;

- оқушылардың мұғаліммен қатынасы;
- оқушылардың отбасымен, ата-аналарымен қатынасы.

Осы аталған критерийлерді анықтау мақсатында келесі әдістер қолданылды:

- инклюзия жағдайында оқушылардың оқу іс-әрекеті үрдісінде бақылау, әңгімелесу, сауалнама жүргізу;
- анықтау экспериментінің нәтижелерін талдау.

Зерттеу жұмысы Шымкент қаласының инклюзивті білім беру бағдарламасын жүзеге асырып отырған мектеп базасында, инклюзивті білім беретін сынып оқушыларымен өткізілді.


Оқушылар арасындағы тұлғааралық қарым-қатынасты анықтау мақсатында оқушылардың сыныптағы іс-әрекеттеріне, сабақ барысындағы және үзіліс кезіндегі қарым-қатынастарына бақылау жүргізілді:

Қосымша оқушылардан сауалнама алынды. Сауалнамаға барлығы 100 оқушы қатысты. Сауалнама жабық түрде өткізілді.

Зерттеу нәтижелері

Бақылау және әңгімелесу барысында инклюзивті білім беретін сынып оқушыларының жай сыныптардан төмендегідей айырмашылықтары байқалды:

Саған мектебің және өз сыныбың ұнайды ма?




Сурет 1 – Инклюзивті сынып оқушыларының мектеп пен сыныпқа қатынасы (% есебінде)

- оқушылар инклюзивті сыныпта білім алатынын біледі;
- оқушылар сыныптағы МШБ-ң ерекшелігін (есту, сөйлеу қабілетінің бұзылуы) дұрыс қабылдайды;
- МШБ қажет кезде көмек беру керек екенін түсінеді;
- МШБ сабақ барысында мұғалім тарапынан қосымша түсіндіруді және арнайы тапсырманы қажет етеді;
- МШБ сабақ барысында мұғалімге біршама кедергілер туындатады;

Зерттеу барысында оқушылардың мектебі мен сыныбына қатынасын анықтау мақсатында «Саған мектебің және өз сыныбың ұнайды ма?» деген сұраққа жауап алынды.


Зерттеу нәтижесінен көріп отырғанымыздай инклюзивті білім беру бағдарламаларын жүзеге асыратын сынып оқушыларының 92% «ия» деп жауап бере отырып, өздері білім алып отырған инклюзивті мектеп пен сыныпқа оң қатынас танытса, ал қалған 8% оқушылар «жоқ» деген жауап арқылы қарсы пікірде екенін көрсетті.

Сыныпта жақын достарың бар ма?



Сурет 2 – Инклюзивті сынып оқушыларының өзара достық қарым-қатынасы (% есебінде)

Қажет болған жағдайда сыныптастарың көмекке келе ме?



Сурет 3 – Инклюзивті сынып оқушыларының өзара жанашырлық және қамқорлық қарым-қатынасы (% есебінде)

Инклюзивті сынып оқушыларының өзара достық қарым-қатынасын анықтау үшін «Сыныпта жақын достарың бар ма?» деген сұрақ қойылды.

Оқушылардың 60% «Ия» деп жауап берсе, «көп емес» деген жауап 38% құрады, ал «жоқ» деген жауап 2% көрсеткішті көрсетіп отыр.

Сынып оқушыларының тұлғааралық қатынаста өзара жанашырлық және қамқорлық қарым-қатынасын айқындау мақсатында «Қажет болған жағдайда сыныптастарың көмекке келе ме?» деген сұраққа жауап алынды.

Нәтижесінде, оқушыларының 54% «ия, әрдайым», 34% «кейде 10% «жоқ» деп жауап берсе, «көмек сұрасам бас тартады» деген жауапты оқушылардың 0% құрады.

Инклюзивті сынып оқушыларының ата-аналарына, мұғаліміне және сыныптастарына қатынасын анықтауда «Өзіңде болған жақсы жаңалықпен бірінші кіммен бөлісесің?» деген сұраққа жауап алдық.

Зерттеу нәтижесі бойынша оқушылардың 70% өз жаңалығын бірінші болып «ата-анасымен» бөліссе, «сынып жетекшімен» деген жауапты 2% оқушылар құрады, ал 28% оқушы жаңалығын «сынып достарымен» бөлісетінін білдірді.

Талқылау


Инклюзивті сыныптағы оқушылардың тұлғааралық қатынастарын бақылау мен

әңгімелесу барысында инклюзивті сынып оқушыларының құрдастарымен, оның ішінде МШБ қарым-қатынас кезіндегі ерекшеліктер байқалды. Оқушылар МШБ «ерекше» олардың тілімен айтқанда «инклюзив» бала деп қабылдайды. МШБ-ң есту қабілетінің нашарлығына байланысты онымен қарым-қатынас кезінде жанына келіп немесе қаттырақ сөйлеуге тырысады, кейде ымдап түсіндіруді пайдаланады. Яғни, сынып оқушылары МШБ-ға икемделеді. МШБ үзіліс кезінде құрдастарымен көп ойын әрекетіне түсе бермейді, өз орнында отырғанды қалайды. Оқушылар заттарына тиіссе агрессияға бой алдырады. Сыныпта досың бар ма деген сұраққа «жоқ» деп жауап берді. Бірақ, құрдастарымен достық қатынаста болуды қалайды. Сыныптағы оқушылар қарым-қатынас кезінде МШБ бөлектемейді.

Сабақ барысында МШБ есту, сөйлеу қабілетінің нашар болуына байланысты мұғалім тарапынан берілген ақпарат пен тапсырмаларды тез қабылдай алмайды. Оған жанында отырған сыныптастары көмекке келеді. Мұғалім арнайы дайындалған тапсырмалар береді. Көбіне жазба жұмыстарын жақсы көреді. Сабақ барысында арнайы маман көмегі қарастырылмаған.

Инклюзивті сынып оқушыларының мектеп пен сыныпқа қатынасын анықтау барысында оқушылардың басым бөлігіне өз мектептері мен сыныптары ұнайтыны айқындалды. Де-

Өзіңде болған жақсы жаңалықпен бірінші кіммен бөлісесің?



Сурет 4 – Инклюзивті сынып оқушыларының ата-аналарына, мұғаліміне және сыныптастарына қатынасы (% есебінде)

генмен, кері көзқарас танытқан оқушылар да болды. Мұндай жағдайда, арнайы мамандар мен мұғалімдерге оның себебін анықтап, оқушымен педагогикалық, әлеуметтік-психологиялық жұмыстар жүргізу міндеті орын алу қажет.

М.Т. Hallinan пікірі бойынша кейбір педагогикалық тәжірибелер оқушыларды бағалау және құрметтеу қажеттілігін баса айтса, ол оқушылардың мектепке деген жанашырлығын немесе ұнамсыздығын тудыру мәселесін айқындады. Ол оқу процесін тиімді ету үшін, жетістіктерді жақсарту үшін танымдық және әлеуметтік-психологиялық аспектілерді ескеру қажет деген қорытындыға келген [9].

А. Bandura айтуынша мұғалімдер оқушылардың әлеуметтік мінез-құлық пен жағымды қарым-қатынас дағдыларын үйренуге мүмкіндік беретін тірі модельдер ретінде маңызды рөл атқарады деген.

Инклюзивті сынып оқушыларының өзара достық қарым-қатынаста болуы өте маңызды. Зерттеу жағдайында оқушылар басым бөлігінде достық қатынас жоғары көрсеткішке ие болды. Яғни олар өз құрдастарымен тез тіл табысып, оңай қарым-қатынасқа түсетін оқушылар. Сәйкесінше, «досым көп емес және досым жоқ» деген оқушылар да табылды. Оқыту және сабақтан тыс шараларды ұйымдастыру барысында арнайы әдістер мен қызмет түрлерін қолдана отырып, бұл мәселенің шешімін табуға болады.

Сонымен қатар, оқушылардың тұлғааралық қатынаста өзара жанашырлық және қамқорлық қарым-қатынасын зерттеу нәтижесі бойынша оқушылардың жартысынан көп бөлігі бір-біріне көмек көрсетуге дайын екені анықталды. Және орта есеппен алғанда олардың 1/3 пайызы кейде көмекке келетіні және қалған бөлігі көмек көрсете алмайтыны анықталып отыр. Соңғы категорияға кіретін оқушылардың басым бөлігі денсаулық жағдайына байланысты МШБ болуы мүмкін деген болжам жасауға болады.

Инклюзивті сынып оқушыларының ата-аналарына, мұғаліміне және сыныптастарына қатынасын анықтау кезінде оқушылардың көп бөлігі ата-аналарымен сырласуда басым-

дық танытып отыр, жаңалықтарымен бірінші болып өз сыныптастарымен бөлісетін оқушылар саны тым көп болмаса да, оқушылардың өз жаңалықтарын бірінші болып мұғаліммен бөлісуі тым сирек жағдай екенін көрсетіп отыр. Бұл, қазіргі таңда мұғалімдердің көбінде қағазбастылық мәселесіне байланысты көп жағдайда оқушылардың ішкі жан дүниесіне үңіліп, жақын тартуға уақыт табыла бермейтіні, немесе сеніміне кіруде қабілеттерінің төмендігі болуы да мүмкін.

Саоко мен Мутеми өз зерттеулерінде мектеп мұғалімдерінің көпшілігінің оқушылардың психологиялық және әлеуметтік қажеттіліктері туралы білімі мен біліктілігі төмен екендігін алға тартты.

Дегенмен, J. A. Baker пайымдауынша МШБ (оның ішінде есту қабілеті нашар балалар) үшін мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынастың сапасы өте маңызды. Бұл балалар мұғалімдерімен тығыз қарым-қатынаста болған кезде, олар мұндай қарым-қатынасы жоқ басқа сыныптастарымен салыстырғанда айтарлықтай артықшылықтар көрсетеді деген болатын [10].

Қорытынды

Инклюзивті білім беретін мектепте жүргізілген сауалнама, бақылау, әңгімелесу, зерттеу жұмыстарының нәтижелеріне сәйкес төмендегі көрсеткіштер анықталды:

- оқушылардың өз мектебі мен сыныбына қатынасы жақсы;
- оқушылардың сыныптағы мейірімділік, жанашырлық қарым-қатынас деңгейі қанағаттанарлық көрсеткішке ие;
- оқушылардың тұлғааралық және достық қатынасы бір қалыпты;
- оқушылардың мұғаліммен сабақ барысындағы қатынасы жақсы, МШБ денсаулығына байланысты, көп жағдайда мұғалімнің қолдауы мен көмегін, қосымша назарын қажет етеді;
- оқушылардың отбасымен, ата-аналарымен қатынасы жақсы;
- МШБ сыныптас құрдастары тарапынан достық, жанашырлық, көмек пен қолдау күтеді;

- Сыныптағы балалар МШБ оқу барысындағы ерекшеліктерін ескереді.

Мүмкіндігі шектеулі оқушыларда басқа құрдастарына қарағанда тұлғааралық өзара әрекеттесудің дамуы денсаулық жағдайына және оның құрылымына байланысты ерекшеліктерге ие. МШБ сыныптастарымен тұлғааралық қатынасын қалыптастыруда, құрдастарымен әрекеттесуде және мақсатты қарым-қатынас құруын ұйымдастыру үшін арнайы құрылған іс-шаралар мен ойын, жаттығу түрлерін пайдаланған тиімді [11,12,13].

Оқушылар арасында тұлғааралық қатынасты нығайтудың жаңа мүмкіндіктері анықталды:

- Оқыту барысында балалар ұжымын біріктіруге арналған сабақтар циклін өткізу;
- Сабақ арасындағы үзілістерде серпінділік үшін топтық шағын ойындар мен жаттығулар ұйымдастыру;
- Сынып ішінде арт-терапиялық әдіс-тәсілдерді пайдалана отырып арнайы

демалыс орындарын («ойлану орындығы», «шығармашылық үстел» т.б.) ұйымдастыру;

- Оқушылардың эмоцияналды көңіл-күйін қалыптастыруға арналған жаттығулар.

Инклюзивті білім беретін мектеп оқушыларының тұлғааралық қатынасын қалыптастыруда мектеп пен отбасы және оқушы арасындағы педагогикалық ынтымақтастықтың жоғары дәрежеде қолға алынуы осы мәселеде оң нәтижеге жетудің бірден бір тиімді жолы. Өйткені, мектеп пен отбасы әрқашан баланың оқу-тәрбие ісінде бір мақсатты көздеген әлеуметтік тәрбие ордасы боп саналған. Сонымен қатар, инклюзивті сыныптағы қарым-қатынастың дұрыс ұйымдастырылуы мектеп пен отбасы берген тәрбиені ұштастыра білген оқушылардың ерекше қажеттілігі бар сыныптасына құрметпен қарап, онымен жақсы қатынаста болулары жалпы білім беру үрдісінің нәтижелі болуына және МШБ дұрыс әлеуметтенуіне айтарлықтай үлес қосқан болар еді.

Әдебиеттер тізімі

1. Исакова А.Т., Мовкебаева З.А., Закаева Г., Айтбаева А.Б., Байтурсынова А.А. Инклюзивті білім беру негіздері. Оқу құралы. - Алматы: ЖК «Балауса» - 2016. – 320 б.
2. Ахметова А.Н. Жасөспірімдердің психологиялық дамуындағы тұлғааралық қарым-қатынасының рөлі. -URL: https://ust.kz/word/maqala_jasospirimderding_psihologiyalyq_damyyndagy_tulgaaralyq_qatynasyng_rol-158303.html (қаралған күні: 20.02.2021).
3. Хуснутдинова М.Р. Особенности социального взаимодействия учащихся в системе инклюзивного образования // Электронный журнал «Психологическая наука и образование psyedu.ru». - 2016. - № 1. - Том 8. - С.62 –75.
4. Шкуричева Н.А. Формирование межличностных отношений первоклассников как условие успешности их адаптации к школе: дис. канд. пед. наук. - М., 2006. –185 с.
5. Cavazos M. What is the meaning of interpersonal relationships? – URL: www.livestrong.com/article/229362-what-is-the-meaning-of-interpersonal-relationship/ retrieved on 29/11/2014 (Accessed: 20.02.2021).
6. Mugiza Charles. Influence of interpersonal relationship on academic performance of learners with hearing impairments: a case of st. bernadatte turkana county, Kenya , 2017. – URL: <https://ir.library.ku.ac.ke/bitstream/handle/123456789/18607/Influence%20of%20interpersonal%20relationship%20on%20academic%20performance%20of%20learners....pdf?sequence=1&isAllowed=y> (Accessed: 20.02.2021).
7. Liberante L. The importance of teacher–Learners relationships, as explored through the lens of the New Quality Teaching Model. Journal of Learners Engagement: Education matters. - 2012, 2 (1). P. 2–9.
8. Russo J. B., Owens R. E. The development of an observation tool for parent-child interaction. J Speech Hearing. – URL: <https://www.semanticscholar.org/paper/The-development-of-an-objective-observation-tool-Russo-Owens/dd60861cef34287859061648cbdddf1fa73d40ab> (Accessed: 20.02.2021).
9. Hallinan M. T. Teacher influences on learners' attachment to school. Sociology of Education. - 2008. - 81 (3), 271-283 p.

10. Baker J. A. Contributions of teacher-child relationships to positive school adjustment during elementary school. *Journal of School Psychology*. - 2006. 44(3), p. 211-229.
11. Ананьев Б.Г. Человек как предмет познания. - СПб: Питер, 2016. - 288 с.
12. Мясисhev В.Н. Психология отношений. М.: МОДЭК, МПСИ, 2011.- 400с.
13. Коломинский Я.Л. Социальная психология взаимоотношений в малых группах. Учебное пособие для психологов, педагогов, социологов. - М.: АСТ, 2010. - 239 с.

References

1. Iskakova A.T., Movkebaeva Z.A., Zakaeva G., Aytbaeva A.B., Baytursynova A.A. *Inklyuzivti bilim beru negizderi [Fundamentals of Inclusive Education]. Study guide («Balausa», Almaty, 2016, 320 p.)*.
2. A.N.Axmetova. *Zhasospirimderdin psihologijalyk damuyndagy tulgaarlyk karym-katynasynyn roli [The role of interpersonal relationships in the psychological development of adolescents]. -Available at: https://ust.kz/word/maqala_jasospirimderding_psihologiyalyq_damyndagy_tulgaarlyq_qarym_katynasynynng_rol-158303.html (Accessed: 20.02.2021).*
3. Khusnutdinova M.R. Osobennosti sotsial'nogo vzaimodeystviya uchashchikhsya v sisteme inklyuzivnogo obrazovaniya [Features of social interaction of students in the system of inclusive education], *Elektronnyy zhurnal «Psikhologicheskaya nauka i obrazovaniye psyedu.ru» [Electronic journal «Psychological Science and Education psyedu.ru»]*, 1 (8), 62-75 (2016).
4. Shkuricheva N. A. Formirovaniye mezhlichnostnykh otnosheniy pervoklassnikov kak usloviye uspehnosti ikh adaptatsii k shkole [Formation of interpersonal relations of first-graders as a condition for the success of their adaptation to school]. *Dis. candidate of pedagogical sciences (Moscow, 2006, 185 p.)*.
5. Cavazos M. What is the meaning of interpersonal relationships? Available at:www.livestrong.com/article/229362-what-is-the-meaning-of-interpersonal-relationships/ retrieved on 29/11/2014 (Accessed: 20.02.2021).
6. Mugiza Charles. Influence of interpersonal relationship on academic performance of learners with hearing impairments: a case of st. bernadatte turkana county Kenya , 2017. Available at:<https://irlibrary.ku.ac.ke/bitstream/handle/123456789/18607/Influence%20of%20interpersonal%20relationship%20on%20academic%20performance%20of%20learners....pdf?sequence=1&isAllowed=y> (Accessed: 20.02.2021).
7. Liberante, L. The importance of teacher-Learners relationships, as explored through the lens of the New Quality Teaching Model. *Journal of Learners Engagement: Education matters*, 2 (1), 2-9 (2012).
8. Russo, J. B., Owens, R. E. The development of an observation tool for parent-child interaction. *J Speech Hearing*. Available at:<https://www.semanticscholar.org/paper/The-development-of-an-objective-observation-tool-Russo-Owens/dd60861cef34287859061648cbdddf1fa73d40ab> (Accessed: 20.02.2021).
9. Hallinan, M. T. Teacher influences on learners' attachment to school. *Sociology of Education*, 81 (3), 271 – 283 (2008).
10. Baker J. A. Contributions of teacher-child relationships to positive school adjustment during elementary school, *Journal of School Psychology*, 44(3), 211-229 (2006).
11. Anan'yev B.G. *Chelovek kak predmet poznaniya [Man as a subject of cognition] (Piter, SPb, 2016, 288 p.)*.
12. Myasishchev V.N. *Psikhologiya otnosheniy [Psychology of relationships] (Moscow, MODEK, MPPI, 2011, 400 p.)*.
13. Kolominskiy Ya.L. *Sotsial'naya psikhologiya vzaimootnosheniy v malykh gruppakh [Social psychology of relationships in small groups]. Textbook for psychologists, teachers, sociologists (AST, Moscow, 2010, 239 p.)*.

Э.К. Ахметова, Н.Ш. Алметов

Южно-Казахстанский университет имени М.Ауэзова, Шымкент, Казахстан

Формирование межличностных отношений учащихся инклюзивных классов

Аннотация. Данная статья направлена на выявление межличностных, дружеских отношений учащихся инклюзивной школы в нашей стране, их взаимодействия между собой в классе, построения отношений, адаптации в инклюзивной среде и отношения к учителю и родителям. Несмотря на то, что в

настоящее время в отечественной системе общего образования всесторонне развивается инклюзивное образование, в школьной общепедагогической практике оно еще не охвачено. В статье проведен анализ зарубежных, российских трудов, посвященных проблеме взаимоотношений учащихся в инклюзивном образовании, определены его сущность, значение и психолого - педагогические особенности. Проведен анализ результатов проведенного исследования с целью определения уровня сформированности отношения учащихся инклюзивной школы к своей школе и классу, взаимодействия в условиях повседневного обучения, выявления дружеских отношений между детьми с ограниченными возможностями и здоровыми детьми, взаимоотношений с учителем и родителями. Предложены формы внеурочной деятельности обучающихся, направленные на объединение всех видов деятельности учащихся класса, решение задач их социализации и воспитания. Предложена методика формирования межличностных отношений учащихся инклюзивных классов, определены новые возможности их укрепления.

Ключевые слова: инклюзивное образование, инклюзивные классы, межличностные отношения учащихся, общение в инклюзивной школе.

E.K. Akhmetova, N.Sh. Almetov

M. Auezov South Kazakhstan University, Shymkent, Kazakhstan

Formation of interpersonal relationships of students of inclusive classes

Abstract. The article is aimed at identifying interpersonal, friendly relations of students of inclusive schools in Kazakhstan. It focuses on their interaction with each other in the classroom, building relationships, their adaptation to an inclusive environment, and the level of attitude towards the teacher and parents. Despite the fact that the national system of general education is currently fully developing inclusive education, it hasn't yet been covered in school general pedagogical practice. The article analyzes foreign works devoted to the problem of student relationships in inclusive education. It defines its essence, meaning, and psychological and pedagogical features. The analysis of the results of the study was carried out in order to determine the level of formation of the attitude of students of an inclusive school to their school and class, interaction in everyday learning, friendly and sympathetic relationships between children with disabilities and healthy children, relationships with teachers and parents. The article proposes forms of extracurricular activities of students, aimed at combining all types of activities of students of the class, solving the problems of their socialization and education. The article presents a method of forming interpersonal relationships of students of inclusive classes and new opportunities for its strengthening.

Keywords: inclusive education, inclusive classes, interpersonal relationships of students, communication in an inclusive school.

Авторлар туралы мәліметтер:

Ахметова Э.К. – корреспонденция үшін автор, PhD докторант, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан.

Алметов Н.Ш. – педагогика ғылымдарының докторы, «Заманауи педагогика және психология» кафедрасының профессоры, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан.

Akhmetova E.K. – Corresponding author, Ph.D. student, M. Auezov South Kazakhstan University, Shymkent, Kazakhstan.

Almetov N.Sh. – Doctor of Pedagogical Sciences, Professor of the Department of «Modern Pedagogy and Psychology», M. Auezov South Kazakhstan University, Shymkent, Kazakhstan.